



АЙМАҚ БАСШЫСЫ МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжілісте Алматы қаласындағы Қызылорда облысының өнер күндерін жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізуге атсалысқан өнерпаздарға, мәдениет саласының қызметкерлеріне алғыс білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни, руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн», – деген болатын.

Мәдениеттің мәртебесін көтеріп, өнерін құрметтеген ұлттың өрсі биіктей бермек. Өткен жылы елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне ие болған дәл осындай өнер күндері Алматы қаласында да ұйымдастырылды. Өн-жырдың туын желбіреткен сырбойылық өнер майталмандары таланты мен талғамын, кәсіби деңгейін биіктігі, еліміздің басты сахналарының біріндегі концертке тыңғылықты дайындықпен барғанын дәлелдеді. Мың жылдық тарихы бар, мың бояулы мәдени астанамыз Алматыдағы мерекені өткізуге атсалысқан барша ұйымдастырушыларға, өнерпаздарға, театр әртістеріне, мәдениет саласы қызметкерлеріне, мекеме басшыларына және қала, аудан әкімдіктеріне Сыр жұртшылығының және өз атымен зор ризашылығымызды білдіреміз», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Ис-шарада өнер күндерін шебер ұйымдастырып, әсерлі әрі көңілді етіп өткізген қызметкерлерге облыс әкімінің

Алғыс хаты табысталды. Айта кетейік, «Сұлу Сырдан – ару Алматыға» атты Республика сарайында өткен гала-концертке мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілістің депутаттары, Қазақстанның Еңбек Ерлері, мәдениет және өнер қайраткерлері, елімізде белгілі ақындар мен жазушылар, Алматы қаласы, Алматы облысы әкімдігінің өкілдері арнайы қатысты. Айтулы ис-шара аясында «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Сыр өңірінің тарихын баяндайтын археологиялық және этнографиялық экспонаттар – «Шірік-Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетісар ақсүйек әйелі» реконструкциялары және Қорқыт ата, Марал ишан мұралары, зергерлік бұйымдар коллекциялары қойылды. С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы қорындағы майлы боумен салынған өлкенің табиғаты, тарихи және жаңадан бой көтерген ғимараттары бейнеленген картиналар келушілер назарына ұсынылды. Алматылық көрермен Сыр өнерпаздарына ыстық ықыласы мен қошеметін көрсетті. Алатау баурайындағы ару қаладағы өнер күндері Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Жыр – қазына, күй – күмбез» атты концертпен қорытындыланды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

«ҒАЛАМ МЕН ҚАЛАМ» ПОЭТИКАЛЫҚ ДУЭЛЬ ЖОБАСЫ ӨТТІ

Қала күні мерекесінің көрігін қыздырған кезекті тағылымды кеш қайта жаңғыртудан өткен орталық алаңда өтті. Республикаға танымал жас ақындар арасындағы «Ғалам мен қалам» поэтикалық дуэль жобасына еліміздің түкпір-түкпірінен іріктелген 9 ақын қатысты.

Қала тұрғындарына ғажайып кеш сыйласақ деп жиылған ақындар қадамына сәттілік тілеген қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев: «Сырдария жағалауындағы шырайлы шаһардың өткені мен бүгінгі тарихта алтын әріптермен тасқа басылған. Бұл ретте «көшесінде жүріп сағынатын» ғажап қаланың жылнамасын жырмен жазып жүрген Сіздердің орындарыңыз бір төбе» деп.

Содан соң қаламыздың мәдени-рухани тынысына дем беріп жүрген бір топ зиялы қауым өкілдеріне қала әкімінің алғыс хаттары мен естелік сыйлықтарын табыс етіп, быыл 80 жасқа толған балалар ақыны, педагогика ғылымдарының

докторы Рахат Наурызбаеваға арнайы құрмет көрсетті. Жас ақындар додасына Ақтөбе қаласынан Дәурен Тілеухан, Шымкент қаласынан Арайлым Мұратәліева, Елорда мен Алатау бөктерінен Мөлдір Айтбай, Дина Бөкебай сынды ақындардың келуі кештің маңызын арттырды. Сонымен қатар қазақстан жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, Елубай Өуезов, Ғазиза Әбілда төрелік еткен поэтикалық дуэльдің бірінші кезеңінде ақындар Қызылорда қаласы туралы жазған жырларын оқыса, екінші айналымға өткен 8 ақын өзара жұптасып сарындас, үндес өлеңдерімен шын мықтыны анықтады.



Нәтижесінде қызылордалық Аружан Оралбай Сыр елінде алғаш рет өткізілген поэтикалық дуэль жобасының жеңімпазы атанып, 300 мың теңгелік

сертификатпен марапатталды. Басқа қатысушылардың барлығы 50 мың теңге ақшалай сыйлық және қала әкімінің алғыс хатын иеленді.



ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, КӨШЕЛЕР КӨРКЕЮДЕ

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауы негізінде және аймақ басшысының үйлестіруімен қаланың жол – көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Биыл осы бағытта 36 млрд. теңге бөлінді.

Бөлінген қаражатқа қала, кент және ауылдық округтердегі 99 көшеге орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту, жол және көпір құрылыстарын салу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта Әуешай жолы және Шиели ауданына кіреберіс айналма көпірден, аспалы көпірге дейінгі аралық кеңейтілуде. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Яссауи және Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшелері қайта жаңғыртылуда. Қ.Яссауи көшесін жақын күндері ел игілігіне табыстау жоспарлануда. Осы жұмыстардың жалғасы ретінде, жуырда ғана магистралды көшелердің бірі – Жаппасбай батыр көшесі қайта жаңғыртылып, 2 жолақтан 4 жолақтыға ауыстырылды. Жүріс бөлігінің ені 14 метрге кеңейтілді. Н. Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі аралыққа жаңа жол салынып, көлік ағынын реттеуге жағдай жасалынды. Ең ұзын көшелердің бірі саналатын Е.Көшербаев көшесіне де жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Сол секілді М.Шокай көшесі күрделі жөндеуден өткізілді.

Бүгінгі күні ауқымды жұмыс Қорқыт ата көшесінде атқарылуда. Жөндеу жұмыстарының барысын пысықтаған қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жауапты мердігерлерге сапаға мән беруді тапсырды. Айта кету керек, алдағы күндері ұзындығы 9,6 шақырымды құрайтын «Қызылорда – Жезқазған» бағытының қалайшылық жолына да жөндеу жүргізілетін болады.

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНГЕН ЖЕРЛЕСТЕР

Санаулы күн бұрын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары да өз мәресіне жетті. Әлемнің 85-тен астам елінен 2 000-ға жуық спортшы қатысқан дүбірлі додада Қазақстан құрамасы жалпы нәтиже бойынша 43 алтын, 34 күміс, 37 қала медальмен көш басталды.

Ұлттық құраманың сапында болып, ел намысын жоғарғы деңгейде қорғаған жерлестеріміз Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында қонақ болып, БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында тоғызқұмалақ бойынша 40-ка жуық мемлекеттен спортшылар бақ сынады. Бұл сайыс біздің елімізде өтіп жатқандықтан мен үшін жауапкершілік жүгі екі есе ауыр болды. Әрбір адам жарысқа қатысарда басты жұлден үмітті болады ғой. Сол сияқты менде де жеңіске жетсем екен деген арман болды. Тақта үстіндегі сайыста сегіз ойын өткізілді. Барлығында да жеңіске жетіп, жалпы есепте 8 ұпай жинап жекейеі сында да, жалпыкомандалық есепте де жеңімпаз болып, алтыннан алқа тақтым. Ендігі мақсатым, қараша айында Түркия елінде өтетін Әлем чемпионатында да осы жеңісімді қайталасам деймін. Осы орайды пайдаланып әлеуметтік желі арқылы маған қолдау білдірген барша жанкүйерлеріме, жерлестеріме алғысымды айтамын, – деді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы Бексұлтан Бостандықов.

Көшпенділер ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлерінен облысымыз бойынша 4 спортшы Ұлттық құрама командаға шақырту алып, жарыстарға қатысты.

– Спортпен айналысып жүргеніме 12 жыл уақыты болды. Осы жылдар аралығында көптеген байрақты бәсекелерде өнер көрсеттім. Бірақ осы көшпенділер ойынының алар орны ерекше болды. Олай деуімізге себеп көп. Әлемнің 89 мемлекетінен спортшылар келді. Олармен лайықты бәсеке көрсетуге біз де дайын болдық. Жауапкершілікті сезіне алдық. Жарысқа қай спортшы болсын, жеңіс үшін барды. Қоланы қанағат тұттық. Алдағы уақытта да елдің абыройын асқақтатып, туымызды биіктен желбіреткім келеді. Қолдаған жерлестеріме шынайы алғысымды білдіремін, – деді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегері Назерке Әбілтаева.

Ат спорты ел арасында насихаттап жүрген спортшыларымыздың қатарында көкбөрі жарысынан Ұлттық құрамада өнер көрсеткен Нұрлыбек Асқаров та бар.

– Жарыстың оңайға соқпайтынын алдын-ала білдік. Тыңғылықты дайындалдық. Мен кыргыздардың ұлттық ойыны көкбөрі деп аталатын спорт түрінен сыңа түстім. Алтыннан дәмелі едік. Дегенмен, көшілік көз тіккен спорт додасында күмісті олжаладық. Финалда кыргыз ағайындармен болған ойын өте қиын әрі қызық болды. Елдің намысын абыроймен қорғай алдық деп ойлаймын, – деді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегері Нұрлыбек Асқаров.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: **8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған волейболдан XXV халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Ис-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, Елеу Көшербаевтың ұрпақтары, мемлекет және қоғам қайраткерлері келді.

Жарысқа Өзбекстаннан, Астана, Шымкент қалалары мен Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 25 команда қатысуда. Аймақ басшысы турнир қатысушыларына ізгі тілегін білдірді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз», – деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және кәсіпкерлердің деменшілігімен соңғы жылдары аймағымызда заманауи спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Өткен жылы 13 спорт кешені салынып, бүгінде 9-ы ел игілігіне табысталды. Биыл 10 спорт кешенінің құрылысы басталды.

Бұдан бөлек, халықаралық стандарттарға сай келетін 10 000 орындық Орталық стадион және

жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Үстел теннисі орталығының құрылысы аяқталды, жақында пайдалануға беріледі. Құрылысы жоспарланған «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінде 2000 көрерменге арналған арена, олимпиадалық стандартқа сай келетін бассейн және 600 адамдық көрермен залы, жаттығу, конференц және хореография залдары болады. Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» бағдарламасымен Ғани Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы күрделі жөндеуден өткізілуде. Осылайша біз жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортпен жылы 13 спорт кешені салынып, бүгінде 9-ы ел игілігіне табысталды. Биыл 10 спорт кешенінің құрылысы басталды. Бұдан бөлек, халықаралық стандарттарға сай келетін 10 000 орындық Орталық стадион және



бермек», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Салтанатты ашылу рәсімінде мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Көшербай мен Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев сөз сөйледі. Сондай-ақ, ис-шарада турнирді ұйымдастыруға атсалысқан спорт саласының қызметкерлері марапатталды.

Сырдария аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, Қармақшы, Қазалы аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған. Зейнетке шыққан соң да облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде игі істер атқарған.

«Ел тілегі» ақпарат

Е.Көшербаев Тереңөзек,



Жаңақорған ауданы әкімдігінің қаулысымен аудан көлемінде табысталған жер учаскелері туралы ақпарат (2023 жыл)

№	Аты-жөні	Негізі (хаттама, шешім нөмірі, күні)	Көлемі, га	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі	Жалдау мерзімі	№	Налибаев Қуанышбек Оралбекович	27.12.2022 ж №1290 хаттама 14.04.2023 ж №150 Қаулы	100,0	Жаңақорған ауданы, Талап ауылдық округі өңірі	шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
1	«Жаңақорған ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ	09.11.2022 №1135 хаттама 04.01.2023 ж №1 Қаулы	1,5112	Өзгент ауылдық округі өңірінен	Электрмен жабдықтау және трансформаторға қызмет көрсету үшін	Тұрақты жер пайдалану	-	32	«Дүйсенбай» ШҚ	19.12.2022 ж №1230 хаттама 14.04.2023 ж №151 Қаулы	110,0	Жаңақорған ауданы, Қыркенсе ауылдық округі өңірі	шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
2	«Аққозы» ШҚ	09.12.2022 №1205 хаттама 10.01.2023 ж №12 Қаулы	30,0	Шалқия кенті өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	33	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	17.05.2023ж №1421 хаттама 31.05.2023 ж №203 Қаулы	7,9	Жаңақорған ауданы, Талап ауылдық округі өңірі	басты су өткізгіш тоғаны үшін	Тұрақты жер пайдалану	-
3	Жақұлдаев Асан Иьяминович	30.11.2022 №1190 хаттама 18.01.2023 ж №23 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	34	«Ақ бұра» ШҚ	23.05.2023ж №1429 хаттама 23.06.2023 ж №231 Қаулы	200,0	Сүттіқұдық ауылдық округінің тау беткейі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
4	Мадалиев Раушанбек	30.11.2022 №1191 хаттама 18.01.2023 ж №24 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	35	Нурдинов Жалғас Кыдырбаевич	27.12.2022ж №1429 хаттама 23.06.2023 ж №227 Қаулы	0,1200	Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл
5	«Бекарыс-С» ШҚ	30.11.2022 №1188 хаттама 18.01.2023 ж №25 Қаулы	63,0	Қыркенсе ауылдық округі өңірінен	шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	36	«Ақ бұра» ШҚ	23.05.2023ж №1430 хаттама 23.06.2023 ж №230 Қаулы	30,0	Жайылма ауылдық округінің тау беткейі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
6	Жакипов Женис Мырзажанович	09.11.2022 №1126 хаттама 19.01.2023 ж №29 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	37	Онласбеков Әлімұхамед Қайратұлы	15.07.2022ж №836 хаттама 05.06.2023 ж №212 Қаулы	0,1200	25 бекет өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл
7	«G-MODA» ДК	31.10.2022 №1099 хаттама 19.01.2023 ж №28 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	3 жыл	38	«Мұхаммед» ДК	04.07.2022ж №815 хаттама 05.06.2023 ж №213 Қаулы	200,0	Манап ауылдық округі өңірінен	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
8	Жапқожа Патима	09.11.2022 №1125 хаттама 19.01.2023 ж №30 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	39	«Қызылорда AG-ROPlus» ЖШС	11.05.2023ж №1391 хаттама 02.06.2023 ж №210 Қаулы	30,0	Жаңақорған ауданы, Тасқұдық өңірінен	Томат пастасын өңдейтін зауыт құрылысы үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	10 жыл
9	«Сырым-С» ШҚ	09.11.2022 №1204 хаттама 19.01.2023 ж №26 Қаулы	130,0	Қыркенсе ауылдық округі өңірінен	шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	40	«Нұрлыбек» ДК	17.05.2023ж №1408 хаттама 02.06.2023 ж №224 Қаулы	14,0	Жанарық ауылдық округі өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
10	Жапбаров Атақожа Бектурганович	31.10.2022ж №1098 хаттама 13.02.2023ж №64 Қаулы	1,0	Жаңақорған ауданы, 25 разьезд өңірі	бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	3 жыл	41	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	31.05.2023ж №1499 хаттама 07.06.2023 ж №215 Қаулы	1,5	Талап ауылдық округі өңірінен	№3С сорғы станциясы алаңы үшін	Тұрақты жер пайдалану құқығы	-
11	Дихамбаева Анар Кенжекуловна	09.12.2022ж №1213 хаттама 13.02.2023ж №65 Қаулы	1,0	Жаңақорған ауданы, Ордакент өңірі	бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	3 жыл	42	«Өзгент-С» ШҚ	06.09.2022 ж №968 хаттама 04.07.2023 ж №241 Қаулы	100,0	Ақүйк ауылдық округі өңірінен	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
12	Дихамбаева Анар Кенжекуловна	09.12.2022ж №1212 хаттама 13.02.2023ж №66 Қаулы	1,0	Жаңақорған ауданы, Ордакент өңірі	бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	3 жыл	43	«Өзгент-С» ШҚ	15.07.2022 ж №829 хаттама 04.07.2023 ж №242 Қаулы	300,0	Өзгент ауылдық округі өңірінен	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар)	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
13	Маткаримова Индира Молдабаевна	21.11.2022ж №1150 хаттама 13.02.2023ж №67 Қаулы	1,0	Жаңақорған ауданы, Ордакент өңірі	бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	3 жыл	44	«Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ	10.01.2023ж №1366 хаттама 18.07.2023 ж №247 Қаулы	0,9380	Екпінді-Бесарық ауылдық округтері бойынша	10 кВ әуе желісі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	49 жыл
14	Досжанова Сауде Аманқожаевна	27.12.2022ж №1300 хаттама 13.02.2023ж №68 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Жаңа ауыл өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	45	«Тасболат-А» ЖШС	07.06.2023ж №1540 хаттама 20.07.2023 ж №248 Қаулы	630,0	Ақкорған ауылдық округі өңірінен	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
15	Балтабайұлы Мақсат	27.12.2022ж №1299 хаттама 13.02.2023ж №69 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Жаңа ауыл өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	46	Ашимов Болат Азимханович	23.06.2023ж №1632 хаттама 21.07.2023 ж №250 Қаулы	2,5	Жаңақорған ауданы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы бойынша	Объекті құрылысын салу үшін	Жеке меншік	-
16	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	09.11.2022ж №1138 хаттама 17.02.2023ж №74 Қаулы	1,5	Қосүйенкі ауылдық округі өңірі	№4Т сорғы станциясының алаңы үшін	Тұрақта жер пайдалану	-	47	«Өрекет» ШҚ	23.06.2023ж №1624 хаттама 08.08.2023 ж №262 Қаулы	2,0	Шалқия өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
17	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	21.11.2022ж №1167 хаттама 20.02.2023ж №75 Қаулы	1,0	Шалқия өңірі	сорғы станциясының алаңы үшін	Тұрақта жер пайдалану	-	48	«Қуат керамзит» ЖШС	23.06.2023ж №1625 хаттама 08.08.2023 ж №263 Қаулы	13,0	Шалқия өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану	5 жыл
18	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	09.11.2022ж №1137 хаттама 20.02.2023ж №76 Қаулы	1,5	Жаманбай батыр ауылдық округі өңірі	№3Т сорғы станциясының алаңы үшін	Тұрақта жер пайдалану	-	49	Мурзакамалов Нурғали Султанбаевич	31.05.2023ж №1518 хаттама 08.08.2023 ж №264 Қаулы	0,1200	Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл
19	ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	21.11.2022ж №1166 хаттама 20.02.2023ж №77 Қаулы	1,0	Манап ауылдық округі өңірі	сорғы станциясының алаңы үшін	Тұрақта жер пайдалану	-	50	Идирисова Эльмира Жахиловна	31.05.2023ж №1517 хаттама 08.08.2023 ж №265 Қаулы	0,1200	Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл
20	«Түлепбергенова» дара кәсіпкерлігі	28.02.2022ж №375 хаттама 28.02.2023ж №81 Қаулы	3,0	Жаңақорған ауданы, аумағынан	бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	51	«Шынболат» ШҚ	31.05.2023ж №1504 хаттама 11.08.2023 ж №268 Қаулы	200,0	Жайылма ауылдық округі өңірі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
21	Раимбеков Кыдырбек Молдабаевич	25.08.2023ж №953 хаттама 01.03.2023 ж №88 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылдық округі өңірі	Бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	52	«Аяна» ШҚ	23.05.2023ж №1436 хаттама 11.08.2023 ж №269 Қаулы	5,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
22	Әшімова Айдын Айдарқызы	21.11.2023 ж №1153 хаттама 01.03.2023 ж №89 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	5 жыл	53	«Байкенже-1» ШҚ	23.06.2023ж №1627 хаттама 25.08.2023 ж №279 Қаулы	200,0	Сунаката ауылдық округінің тау беткейі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
23	«Қаратау» ШҚ	19.12.2023 ж №1231 хаттама 01.03.2023 ж №90 Қаулы	18,0	Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылдық округі өңірі	Бақша өсіру үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	54	Ахатаев Берик Наматиллаевич	04.07.2023ж №1656 хаттама 01.09.2023 ж №285 Қаулы	0,1200	Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	5 жыл
24	«Әулет» ШҚ	09.11.2023 ж №1128 хаттама 13.03.2023 ж №107 Қаулы	5,0	Жаңақорған ауданы, Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	55	«Қанат» ШҚ	04.07.2023ж №1653 хаттама 04.09.2023 ж №290 Қаулы	200,0	Сунаката ауылдық округінің тау беткейі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
25	Елшиев Данияр Тынбекович	27.12.2023 ж №1294 хаттама 13.03.2023 ж №104 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	5 жыл	56	Ақбарова Айдана Серикбаевна	23.05.2023ж №1443 хаттама 04.09.2023 ж №292 Қаулы	1,0	Ордакент өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
26	Шертеков Мақсат Бакытович	27.12.2023 ж №1295 хаттама 13.03.2023 ж №103 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	57	«Қанат» ШҚ	04.07.2023ж №1654 хаттама 04.09.2023 ж №289 Қаулы	200,0	Төменарық ауылдық округінің тау беткейі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
27	Мырзабекова Калдыкул Калдановна	31.10.2023 ж №1100 хаттама 13.03.2023 ж №105 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	58	Өмірбаев Ақсұлтан Сапарбекұлы	07.06.2023ж №1541 хаттама 04.09.2023 ж №296 Қаулы	1,0	Ызғар өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
28	«Балходжаева М» ШҚ	30.11.2023 ж №1185 хаттама 13.03.2023 ж №106 Қаулы	200,0	Жаңақорған ауданы, Сунаката ауылдық округі өңірі	шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	59	Мырзабаев Алмахан Абдусаттарович	16.06.2023ж №1592 хаттама 04.09.2023 ж №291 Қаулы	0,9400	Қорғантоғай өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
29	«Мырзабек ENS» ШҚ	10.01.2023 ж №1343 хаттама 15.03.2023 ж №110 Қаулы	100,0	Жаңақорған ауданы, Ақүйк ауылдық округі өңірі	Бақша өсіру үшін	уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл	60	Ержанов Камал Жанатович	07.06.2023ж №1542 хаттама 11.09.2023 ж №300 Қаулы	1,0	Ызғар өңірі	Бақша өсіру үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
30	Тлеубергенов Олжас Анарбекұлы	22.11.2022ж №1131 хаттама 03.04.2023 ж №128 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық жүргізу үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	61	«Темірлан-2007» ШҚ	23.05.2023ж №1431 хаттама 27.09.2023 ж №311 Қаулы	100,0	Байкенже ауылдық округі өңірі	Шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін	Уақытша өтеусіз жер пайдалану	5 жыл
31	Ибрагимов Руслан Жасұланұлы	22.11.2022ж №1130 хаттама 03.04.2023 ж №127 Қаулы	0,1200	Жаңақорған ауданы, Ызғар өңірі	Бағбандық жүргізу үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл	62	Әнуарбек Әсем Жәнібілқызы	20.01.2023ж №1375 хаттама 28.09.2023 ж №312 Қаулы	0,1200	25 бекет өңірі	Бағбандық үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)	3 жыл

